

Ақмола облысының білім беру, спорт және мәдениет үйымдарына атау беру және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 мамырдағы № 261 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысының мынадай білім беру, спорт және мәдениет үйымдарына:

1) Ақкөл аудандық білім бөлімі "№ 3 Ақкөл орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Жайық Бектұровтың есімі;

2) Көкшетау қаласы білім бөлімінің "№ 18 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Сәкен Жұнісовтің есімі;

3) Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ұлттық спорт түрлерінен облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Балуан Шолақтың есімі;

4) Ақмола облысының мәдениет басқармасы жаңындағы "Ақмола облыстық филармониясы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Үкілі Үбырайдың есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру үйымдары:

1) "Сәуле орта мектебі" мемлекеттік мекемесі – Еңбекшілдер ауданы білім бөлімінің "Шерәпи Әлжанов атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесі;

2) Ерейментау ауданы білім бөлімінің "Малтабар орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Ерейментау ауданы білім бөлімінің "Перуаш Кәрімұлы атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) "Дружба орта мектебі" мемлекеттік мекемесі Қорғалжын ауданы білім бөлімінің "Ақтан Төлеубаев атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК